Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызметететуге тәрбиелеу.* *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің* *бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Картотека №13*** *Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.*	***Картотека № 7*** *Жылғалар мен шалшықтарды бақылау.*	***Картотека №*** *Аспанды бақылау*	***Картотека №14*** *Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.*

	*Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.**Таңғы серуенді бекіту.***				
	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

***Білім беру ұйымы* ЖШС «BAU-Bolashak» б/б «Болашақ»**
Топ: кіші топ «Ақбұлақ»
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 24.03 – 28.03.2025ж

Күн тәртібінің үлгісі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау	*Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналарағa ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар	***Дид ойын:*** ***«Зат неге ұқсайды?»*** ***Мақсаты:*** *Геометриялық денелер мен фигуралар арқылы, айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата біледі.*	***Дид ойын:*** ***Түрлі түсті жолақшалар.*** ***Мақсаты:*** *Сурет арқылы балалар ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата алады.*	***Дид ойын:*** ***«Кілтті тап»*** ***Мақсаты:*** *Балалар түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата біледі, топтастыра алады.*	***Дид ойын:*** ***«Қажет суретті тап»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Үлкен және кіш ұғымдарын түсіне отырып, үлкен-кіші заттарды топтастыру-ға*	***Дид ойын:*** ***«Көжекті жасыр»*** ***Мақсаты:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйренеді.*

қарау және тағы басқаәрекет тер				*үйренеді.*		
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	*Наурыз айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***					
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*					
Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық	*«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында тілдік мәдениетті дамыту*					
	Асапан ашық ,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.	*Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүрмін. Қатар тұрар шеңберде, Досым көбін білемін.*	*Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз.*	*«Кел, балалар күлейік» Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!*	*Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!*	
	Әжелер мектебі негізінде , әжемнің ертегісі.					

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	*Есікті қағып. Пошташы орманшыдан хат әкелді.* *-Балалар, сендер орманшының бізге не жазғанын білгілерің келеді.* *«Сәлеметсіңдер ме, қымбатты балалар, мен сендерден көмек сұраймын. Көктем келді. Құстар келді,олардың балапандарын өсіретін жері жоқ. Құсқа үй керек. Құстарға көмектесу керек. Содан кейін олар бізді әнімен қуантады.* *- Балалар, құстарға көмектесіңдерші.* *Балалар «Шебер қолдар» көрмесіне барайық.* ***Шығармашылық бұрыш.*** ***Дид ойын: «Құстарға ұя»*** *Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру және көрсету.* *- Балалар, біз*	***Менің сүйікті бұрышым*** ***Ертегілер әлемі.*** ***Дид ойын: «Сыңарын тап»*** *Балаларды топқа бөлу* ***1топ –*** *Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен жапсыру.* ***2 топ –*** *шалқан ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен жапсыру* ***3 топ –*** *жеті лақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен жапсыру* ***Дид ойын: «Қимылын көрсет»*** *Шарты: Педагог бір кейіпкерді атайды, бала соның қимылын салады.* *Әр түрлі бет перделер киіп әр ертегі кейіпкерлерінен қимылдар көрсету* ***Тосын сәт*** *Есік қағылып, почташы хат әкеледі.* ***Хатты ашу.*** *Ата мен әжеден*	***Қызығушылықты ояту.*** *Тәрбиеші: Балалар, біреудің есік қаққанын естіп тұрсыңдар ма? (қонжықты алып келеді). Балалар, қараңдаршы,* *Аю бізге қонаққа келді, онымен сәлемдесейік. Қараңдаршы, балалар, ол өте көңілсіз.* *Аю сен неге сонша мұңайдың?* *Аю: Балалар, мен сендерге көмек сұрап келдім. Денсаулығым болмай ауырып қалдым, маған көмектесесіңдер ма? Балалар, қалай ойлайсыңдар, денсаулық туралы бәрін білетін Мишкаға кім көмектесе алатын кім? (Дәрігер). Ал ертегі кейіпкерлерін кім емдейді? (Доктор Айболит)* *– Ал дәрігерді қайдан таба аламыз, доктор Айболит?*	***Дид ойын: «Ғажайып дорба»*** *Балалар мен бүгін сабаққа жәй емес, керемет сөмке алып келдім. Сөмкеден бір ойыншық шығарады. Бұл не? Балалар: Түлкі. Түлкі қандай? Балалар: Қу.* ***Ой қозғау.*** *Тәрбиеші: Ал сендер түлкіні қалай еркелете аласыңдар? Түлкішек, қу түлкі. Ал мынау не? Балалар: Қоян. Қандай қоян? Балалар: Сұр, үлпілдек... Ал қоянды қалай еркелетесіңдер? Үлпілдек қоян, сақ қоян. Сендер қоян, түлкі кездесетін қандай ертегілерді білесіңдер. «Бауырса», «Үйшік» Бүгін біз осы кейіпкерлермен тағы бір ертегімен танысамыз»*	***Тосын сәт*** *Есік қағылып хат келу. Хаттың сыртында орман суреті. Ой балалар мына хат қайдан келді деп ойлайсыңдар? Ормандағы жеті лақтың анасы ешкі бізге хат жазған..* ***Хатты оқу.*** *«Мен балаларыммен орманда тұрамын. Мен сендерді бізге қонаққа шақырамын. Біздің үйге апаратын жолды біліп алыңдар.. Бірақ адасып, қасқырдың үйіне кіріп кетпеу үшін естеріңде болсын, менің үйімнің жанында кең жол бар. Мына жолдарды құрастырып көріңдер, сонда*

	ағаштарға құстардың үйлерін жапсырамыз. Ағаш діңін қалай жасаймыз? *- Құс үйін қалай жасаймыз?* *Ұжымдық жұмыс.* ***1-ші жұмыс:*** *А3 форматқа қиылған ағаштарды құрастырамыз, оны желіммен жапсырамыз. (3-4 ағаш макеті)* ***2-ші жұмыс:*** *Көктемде ағаштарда қандай өзгерістер болады? Ағаштар бүршік жара бастайды.* ***Дид ойын: «Көктем ағаштары»*** *Ендеше ағашқа мақта таяқшасы арқылы бүршік саламыз.* ***3-ші жұмыс:*** ***Дид ойын: «Құсқа ұя»*** *Тіктөртбұрыштан үйді аламыз, шеңберден құстарға арналған терезесін, үшбұрыштан төбесін аламыз.Содан кейін*	*Құрметті балалар бізге көмек керек. Біздің бауырсағымыз қашып кеткен. Енді оны қу түлкі жеп қоятын болды. Бауырсақты табуға көмектесулеріңдң сұраймыз.* ***Дид ойын: «Бауырақ»*** ***Шарты:*** *Бастыру әдісі арқылы бауырсақты салу.* ***Жұмыс барысы:*** *А5 форматта шығарылған бауырсақ суреті. Суреттің үстіне ақ салфетка жауып қою. Дайын суға губканы батырып, салфетка үстінене бастыру. Балалар міне ата мен әженің бауырсағын таптық.* ***Дид ойын: «Пішін мен түсін ата»*** ***Сұрақ-жауап*** ***Бауырсақтың түсі қандай?*** ***Пішіні қандай?*** ***Сергіту сәті.***	*- Мен мұнда қалай дәрігер шақырамын? (Телефон арқылы)* *– Дұрыс, дәрігерді шақыру үшін ұялы телефоннан нөмірін теру керек. Телефон нөмірін көрсетіп, қоңырау соғады.* ***Сәлеметсіз бе, бұл аурухана ма?*** *Біз балабақшамызға дәрігер Айболитті шақырғымыз келеді. Аю ауырып жатқан сияқты. Сіз келе аласыз ба? Рахмет, күтеміз. Ал, аю Айболит келіп, саған қалай көмектесетінін айтады.* ***Тосын сәт.*** *Есікті қағып. Педагог доктор Айболит ойыншық әкеледі.* *Доктор Айболит.- Сәлеметсіздер ме балалар. Мен қоңырау шалған соң келдім. Біреу ауырып қалды ма?* *Тәрбиеші*	***Негізгі бөлім*** *Ертегіні фланеграф тақтада иллюстрациялар арқылы әңгімелейді* ***Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап.*** *Түлкі мен қоян қайда өмір сүрді? Оларға не болды? Қоянға нелер көмектескісі келді? Түлкі бәрін қалай қорқытты? Әтеш түлкіні қоянның үйінен қалай қуып шықты? Айтыңдаршы, әтеш түлкіні қалай қорқытты?* ***Сергіту сәті.*** ***«Түлкі мен қояндар»*** ***Дид ойын: «Ертегіні бейнеле»*** *Ендеше ертегіні бейнелеп көрейік. Екі үй көрсетілген қағаз бөліктерін аламыз.. Бір үй – қоян, екіншісі – түлкінікі. Түлкінің үйінің айналасын*	*менің үйіме келетін жол шығады.* ***Сендердің келуіңді күтеміз»*** *Балалар Қасқыр мен жеті лақ ертегісін есімізге түсірейік.* ***АҚТ технологиясымен жұмыс.*** ***Ертегі желісін түсіндіру.*** ***Дид ойын: «Жолдарды салыстыр»*** *Жарайсыңдар балалар, ешкі қай үйде тұрады, қасқырдың үйіне кіріп кетпес үшін қай жолмен жүруіміз керек?* ***Балалар: Кең жол бойында.*** ***Сұрақ –жауап*** ***Тәрбиеші: Жол ненің үйінің қасында кеңірек?*** *Балалар екі жолды қабаттастыру*

	қолданбаның барлық мәліметтерін жасыл картонға мұқият жабыстырамыз. Содан кейін суреттің жеке элементтерін қосамыз. ***4-ші жұмыс:*** *А3 форматта салынған күн, бұлттарға ермексазды жағу әдісімен көркемдейміз.* ***Балалардың өзіндік жұмысы.*** *Тапсырманы орындадық. Қараңдаршы, біздің құстардың үйлері қандай әдемі болды. Құстар енді бақытты болады.* ***Біз бұл жұмыстарымызды Орманшы атайға түсіріп жіберейік. Ол уайымдамасын. Жұмыстарымызды беріп жіберетініміздіайтамыз.*** ***Тақпақ*** *Келіп көктем құстары, Бау - бақшада ән*	***Бауырсақ әнін айту.*** *Менің атым бауырсақ, Мені қаймаққа иледі, Майға пісірд, Суытып қойды. Мен атадан қаштым, Әжеден қаштым, Қоянды көрдім, қасқырды көрдім, аюды көрдім бәрінен қаштым, түлкіден де қаштым.* ***Ата-мен әжеге себетке салып беріп жіберу.*** ***Кішкентай әртістер. Сюжеттік рольдік ойын. Шалқан ертегісі.*** *Ертегі кейіперлерінің бет пердесін кейіп ертегіні сомдау. Балаларды топқа бөлу.* ***Қортынды. Балаларды мадақтау.***	*Балаларымыздың дені сау, бірақ Аю бізге қонаққа келді, ол өзін нашар сезініп, денсаулығы жоқ екенін айтып тұр. Доктор Айболит: Мен кішкене құпияны айтайын. Біздің денсаулығымызды көптеген сәулелері бар күнмен салыстыруға болады. (күнді сәулесіз ілу). Бұл сәулелер біздің денеміздің әрбір жасушасында өмір сүреді.* ***1-ші сәуле: гигиена Дид ойын: «Гигиена заттары»*** ***Шарты:*** *Гигиена заттарын сызық бойына жапсыру.* ***2-ші сәуле: таза ауа. Дид йын: «Таза ауа беретін заттар»*** ***Шарты:*** *Таза ауа ығатын заттарды құрастыру.* ***3-ші сәуле: Дәруменді тағам. Дид ойын: «Дәрумендер***	*қандай? Мұз болды, оны көк түспен бояймыз. Ал қоянның үйі ағаш, оны қандай түспен қоңыр түспен бояймыз.* ***Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлері»*** ***Шарты:*** *Жұмысты әр шеңбермен орындау. Ал енді ертегі кейіпкерлерінің бейнесін, көрсетейік.* ***1ші шеңбер.*** *Қағаз бөліктерін аламыз.. Олардың үстінде шеңберлер бар. Қоян жылап жатыр. Мына шеңберге құлақтар жапсырыңдар, қоян шығады.* ***2-ші шеңбер.*** *Көмекке иттер келе жатыр. Екінші шеңберге итті құрастырып саламыз.* ***3- ші шеңбер.*** *Құлақ үстіне ермексаз жағу, аю шығады.*	*әдісімен салыстырады, қайсысы кеңірек екенін табады Балалар жолға шығайық.* ***Қызығушылықты ояту.*** *Ешкі бізді көргеніне қуанып, сендерге тапсырмалар дайындап қойыпты.* ***1-ші.*** ***Тапсырма:*** *Менің қанша лағым бар? Балалар: Көп. Тәрбиеші: Ешкі ана лақтарына не әкелді? Балалар: қырыққабат. Тәрбиеші: Ал ол неше бас қырыққабат әкелді? Балалар: Көп.* ***Дид ойын: «Лақтар мен қырыққабат»*** ***Шарты:*** *Әр*

	салды. *Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды.* ***Қортынды*** ***Сұрақ-жауап.*** ***Балаларды мадақтау.***		***досымыз»*** ***Шарты: Д****айын дәрумендерді бояу.* ***4-ші сәуле: дене жаттығулары*** ***Тыныс алу жаттығуларын жасайық.*** *1.КӨПІРІКТЕР.* *Бала «жақтарды - көпіршіктерді» үрлейді және «көпіршік жарылды», - деп қолдарын соғады.* ***Жаттығу 2.*** ***СОРҒЫ.*** *Қолды белдікке қойып, сәл отырыңыз - дем шығару -ш, түзу - дем алу.* ***3-жаттығу.*** ***СПИКЕР.*** *Сұрақ -жауап* *Паровоз қалай дыбыстайды?* *Ту-ту-ту-ту.* *Машина қалай дыбыстайды? Би-би. Би-би.* *Қамыр қалай «тыныс алады»? Пуф - пуф - пуф.* *Аю: Дұрыс тыныс алу*	*Педагог рөлдерге бөліп, ертегі мазмұнына сәйкес диалогтарды қайталауды ұсынады.* ***Қорытындылау.*** *Біз қандай ертегімен таныстық?* *Бұл ертегі бізге нені үйретеді?* *Достықты, мейірімділікті.*	*лақтың қасына қырыққабат жапсыру.* ***2-тапсырма.*** *Қасқырға есік ашпас үшін не істеу керек?* *Ескерту ережелерін тыңдау керек.* *Үлкендердің айтқанын тыңдау керек.* ***Ой қозғау.*** *Ешкі бізді қонаққа шақырғаны үшін оған сыйлыққа көктемде өсіп жатқан жасыл шөптер берейік.* ***Дид ойын:*** ***«Ешкіге сыйлық»*** ***Шарты:*** *Қылқаламмен жасыл шөптің суретін салу.* *Ешкі және лақтармен қоштасу.* *Балабақшаға келу.* ***Қортынды сұрақ-жауап.***

			өте қызық екен. Маған бұл жаттығулар өте ұнайды. Енді мен оларды күнде жасаймын ***5-ші сәуле: жақсы көңіл-күй.*** ***Дид ойын: «Көңілді күн»*** ***Шарты:*** *Дайын күнге ермексаздан күлімдеген ауыз салу.* *– Осының бәрін орындасаң, сау боларың сөзсіз!* *Аю: Мен бәрін түсіндім, денсаулығыңды тауып, оны жоғалтпау үшін дұрыс тамақтанып, таза ауада серуендеп, күнде жаттығу жасап, қолды жууды ұмытпа.* *Аю мен Айболитпен қоштасу.* *Балаларды мадақтау.*			
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*					
Серуен	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека № 3*** *Желді бақылау*	***Картотека № 4*** *Аспанды бақылау*	***Картотека № 5*** *Бұлтты бақылау*	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	

	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту ***Көктем серуен картотекасынан***				
Серуеннен оралу	*Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгі ұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру –шаралары.	***№1 Ояну*** *Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды*	***№2.Ояну*** *Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.*	***№3 Ояну*** *Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.*	***№4. Ояну*** *Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.*	***№5. Ояну*** *Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары.	***«Суреттші қай жерде қателесті?»Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі*	***«Құстар біздің досымыз» Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін*	***«Өзім және отбасым» Мақсаты:*** *Отбасында ғы қарым-қатынас мәдениеті туралы*	***«Балабақша» Мақсаты:*** *балабақша қызыметкерлерін және оларға*	***«Бұны қай кезде киеді?»Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату*

Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер Балалармен Жеке Жұмыс	*сәйкессіздікті таба алға үйрету.* ***«Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты:*** *заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.*	*жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлық-пен қарауға баулу.* ***Мынау қай пішін? Мақсаты:*** *Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.*	*түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.* ***«Үлкен-кіші»Мақсаты:*** *Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.*	*қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.* ***«Не жоқ?» Ойынның мақсаты:*** *балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.*	*арқылы сөздік қорларынмолайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* ***«Қай жануар артық» Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту*	
Серуенге дайындық	*«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*					
Серуен	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека № 3*** *Желді бақылау*	***Картотека № 4*** *Аспанды бақылау*	***Картотека № 5*** *Бұлтты бақылау*	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту ***Таңғы серуенді бекіту.***					
	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.					
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

***Білім беру ұйымы* ЖШС «BAU-Bolashak» б/б «Болашақ»**
Топ: кіші топ «Ақбұлақ»
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 31.03 – 04.04.2025оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау	*Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде ұлттық құндылық, қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	***Дид ойын:*** ***«Зат неге ұқсайды?»*** ***Мақсаты:*** *Геометриялық денелер мен фигуралар арқылы, айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата біледі.*	***Дид ойын:*** ***Түрлі түсті жолақшалар.*** ***Мақсаты:*** *Сурет арқылы балалар ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата алады.*	***Дид ойын:*** ***«Кілтті тап»*** ***Мақсаты:*** *Балалар түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата біледі, топтастыра алады.*	***Дид ойын:*** ***«Қажет суретті тап»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Үлкен және кіш ұғымдарын түсіне отырып, үлкен-кіші заттарды топтастыру-ға үйренеді.*	***Дид ойын:*** ***«Көжекті жасыр»*** ***Мақсаты:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйренеді.*
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	*Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
	«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында, тілдік мәдениетті дамыту.				

Ұйымдастырыл--ған іс-әрекетке Дайындық .	*Асапан ашық ,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.*	*, күлемін, Бақытты боп жүрмін. Қатар тұрар шеңберде, Досым көбін білемін.*	*Құстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз.*	*«Кел, балалар күлейік» Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!*	*Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!*
	Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген үіә.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет .	***Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс.*** *Балалар айтыңдаршы гүл дегеніміз не? -өсімдік, олар өмір сәні, табиғаттың көркі. -Гүлдер сонымен қатар бөлменің ауасын тазартады. Адамға таза ауа сыйлайды. Балалар сендер білесіңдерме гүлдер түрлі-түсті болады. Олардың түстері қандай болады? -Олар қызыл,сары,көк болады және олардың сабағы мен жапырықтары жасыл болады. Гүлдер өсі үшін не керек? Жарық, жылу керек, топырақ, су және күтім керек. ***Дид ойын: «Гүлді өсір» Шарты: Суретті ретімен қою*** 	***Қызығушылықтарын ояту. жұмбақ жасыру Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру*** *Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң сәні бұзылады. Бұл не? ГҮл.* ***Ой қозғау.*** *-Неліктен біз бөлмеге гүл егеміз? -Гүлдер әдемі өсу үшін не керек? -Қандай күтім жасауымыз керек? -Шаңбасқан гүл қандай болады? -Гүлдер неде өсіп тұр? -Неліктен жасыл,өз қалпын сақтап тұр? -Кімдер күтім жасайды? -Гүлдердің бізге қандай пайдасы бар? Балаларды мадақтау.* ***Дид ойын: «Себеттегі гүлді тап» Шарты:*** *Суреттегі гүлдерден себеттегі гүлді тауып атын атау.*	***Қызығушылықтарын ояту Менің сүйікті бұрышым*** *Ертегілер әлемі* ***Ой қозғау.*** *Балалар бұл жерде нелерді көріп тұрмыз. Гүлдерді. Гүлдер туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?* ***Ертегі «Гүлдер мен жыл мезгілдері»*** *Бір кездері жыл мезгілдері ең жақсы гүлдер менде бар деп дауласады.* ***Көктем*** *- Менің гүлдерім ең әдемі, - дейді . Күн жылынып, қар еріп, менің әдемі гүлдерім шыға бастайды дейді Көктем. - Жоқ, - деп Жаз оған қарсылық білдірді. - Сенің гүлдерің бар, шынында да, олар әдемі, бірақ менікі ғана жақсы! Жазда күн сәулесінен тоқылған қалпағын бұлған, гүлдер әр жерге шашып өсіп, табиғатқа сән береді деді.*	***Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. «Гүл»*** *Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.* ***Миға шабуыл*** *Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма? - Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар? - Гүлдердің түсі қандай? - Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?* ***Ой қозғау Дид ойын: «Сиқырлы себет» Шарты:*** *Себеттен <u>сипап сезіп</u>, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.*	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар, біз бүгін таңғажайып, сиқырлы бөлме гүлдерінің еліне – саяхатқа шығамыз. Біз оған жету үшін: гүлдердің өсуі үшін не қажет екенін айтуымыз керек? Гүлдің жақсы өсуі үшін жер, су, ауа, күн сәулесі, жылу, құмыра және күтім қажет екенін сіз бен біз еске түсірдік.* ***Енді гүлдер еліне баруға дайынбыз. Бірақ біз гүлге айналуымыз керек. Дид ойын: «Гүл құрастыр»*** *Құрастырған гүлге ұқсас масканы киіп алу. Солға, оңға бұрылып, гүлге айналады. Керемет, қане гүл туралы тақпақ айтайық.* ***Тақпақ*** *Гүлім, гүлім, өсе бер,*

	Ғажайып сәт: АҚТ технологиясы. *(Музыка әуенімен)* *Экраннана* *гүл ханшайымы көрінеді.* *-Сәлеметсіздерме балалар !* *-Балалар мен гүл теруге шығып едім маған гүл теруге көмектесесіңдерме?* *-Я көмектесеміз.* ***Дид ойын: «Гүл жинаймыз»*** *Шарты: 4 түсті себетке , түсіне байланысты гүлдерді жапсыру.* ***Гүл ханшайымы:*** *Жарайсындар балалар сендерге көп рахмет менің себетімді гүлге толтырып бердіңдер.* *-Сау болыңдар!* ***Сергіту сәті :*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымыздан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар,* *Үлкен болып өседі.* ***Дид ойын: «Гүлдерді толықтыр»*** ***Топтық жұмыс.*** ***Барысы:*** *түйме тағылған мата және гүлдер таратылып беріледі сол гүлдерді балалар өз қолдарымен түймелейді.* ***Дид ойын: «Су құйғыштың сыңары»*** ***Шарты:*** *Су құйғыштың сыңарын сондай түспен бояу.*	 ***Сергіту сәті.*** *Шаршағанда ырғалып,* *Гүлге ұқсап демалам,* *Қанатты бір қағып,* *Гүлдей болып жайқалам.* ***Ой қозғау.*** ***Гүлді күту ережелері:*** ***Көрсету, түсіндіру.*** ***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»*** *Гүлдердің жапырақтарының шаңын сулы мақтамен сүртеді.* *Жапырақтары ұсақ өсімдіктерді су шашатын ыдыспен бүркеп-шашып жуады.* *Суды жапырақтарына тигізбей топырағына құяды.* ***Дид ойын: «Гүлдерді өсір»*** ***Шарты:*** *Қиылған суреттерді реті бойынша тамырдан бастап құрастыру.*  	*Жел соғады, самал еседі.* *Ара хош иісті гүлдерден тәтті шырын жинайды.* ***Ал , күз қызғаныштан*** *«Менің гүлдерім бұдан да әдемі » - деді .* *Мысалы бақбақ қайтадан гүлдейді.* ***Ал енді Қыс туралы не деуге болады?*** *Орманды да, шалғынды да қар басып қалды; егістіктер, жолдар, төбелер қармен жабылды. Тек қысқы бақ қардан да, аяздан да қорықпайды. Олар үйлерде әйнектің артында гүлдейді.* *- Адамдарөыс болса да үйде бау-бақша өсіреді, Мұнда гүлдер ең әдемі, - деп мақтанады Қыс.* ***Осылай жыл мезгілдері кімнің гүлдері жақсы екендігі туралы әлі де таласуда.*** ***Ой қозғау.*** ***Тәрбиеші:*** *Балалар, қалай ойлайсыңдар, қандай гүлдер ең әдемі?* *Б: Гүлдердің бәрі әдемі.* *-Енді ойын ойнайық. Көктем Жаз Күз Қыс.* ***Дид ойын: «Сен қайда, қандай , гүлде тұрасың?»*** ***Шарты:*** *Гүлдерді жыл*	 ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар бүгін мен сендердің бәріңді кішкентай ғалымдар еткім келеді. Сендерге ғалым болып, жұмыс жасаған ұнай ма?* *Ендеше бәріміз мына сиқырлы таяқшаның көмегімен ғалым боламыз.* ***Мынау біздің зертханамыз.*** ***Тәжірибе №1*** ***Тәжірибе №1.*** ***«Сумен және сусыз»*** ***Міндеті:*** *өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп көрсету.* ***Құрал-жабдықтар:*** *екі бірдей өсімдік (бальзам), су.* ***Тәжірибе барысы:*** *Өсімдіктердің неліктен сусыз өмір сүре алмайтынын анықтау*	*Әдемі боп, асыл боп.* *Күндей жайнап кете бер,* *Қызыл, сары, жасыл боп.* *Тәрбиеші: Бір-біріміздің қолымыздан ұстайық, жолға шығамыз.* *Біз жолдармен жүреміз, жолдармен жүреміз.* *Біз бәріміз өте ақылды, сүйкімді, әдеміміз.* *Біз өте татумыз гүлдер еліне келеміз.* *Тәрбиеші: Балалар, міне біз гүлдер еліне келдік. Қараңдаршы қандай тамаша шалғын. Гүлдер, отырыңыз. (Балалар еңкейеді)* *Қып-қызыл гүлдеріміз жапырақшаларын ашады (саусақтарды тегіс ашу* *Жел аздап дем алады, жапырақшалар тербеледі (алдыңда қол бұлғау)* *Біздің қызыл гүлдеріміз жапырақшаларын жауып*

	   Қорытындылау, бағалау. *Гүлдер, гүлдер көк гүлдер,* *Қызыл гүлдер, көп гүлдер* *Өсе берші нұрланып,* *Өсе берші ырғалып* ***Балаларды мадақтау.***	 ***«Қармақ»*** *Шарты: Сұрақтар ілмегі арқылы жауап беру.* ***Гүлдердің құрлысы:*** *тамыры, сабағы, жапырағы* ***Дид ойын: «Әдемі гүлдер»*** ***Шарты:*** *Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы дәннен гүлді жапсыру, бояу* ***Қортынды.*** ***Тақпақ. Педагогтың көмегімен*** *Қызыл жасыл гүл егіп,* *Баптап, күттік,* *түрлеттік.* *Қалмасын деп қуарып,* *Апта сайын суардық.* *Гүлдендірдік ауланы,* *Аулада гүл қаулады.* *Балаларды мадақтау.*	*мезгілдеріне қарай орналастыру.* ***Ой дамыту.*** *-Балалар, гүлдердің сөйлейтінін білесіңдер ме?* *-Қалай ойлайсыңдар, гүлдерді анаңа бергенде не дейді?* ***Б: «Біз оны өте жақсы көреміз»*** *- 1 қыркүйек күні барлық бала гүл алып мектепке, балабақшаға барады. Бұл гүлдер не дейді ойланыңызшы?* ***Б: «Бұл қандай мереке»*** ***– Жарайсың, үлкен екенсің ғой, жаңа оқу жылы басталды.*** *Гүлдер әдемі, осы гүлдер тағы қалай әдемі боп тұрады?* *Көбелектер қонғанда. Ендеше гүлдерге көбелектер қондырайық.* ***Дид ойын: «Гүлзардағы көбелектер мен гүлдер»*** ***Шарты:*** *Гүлдерге көбелектерді жапсыру.* ***Қортынды:*** ***Енді бәріміз гүл егеміз*** ***Дид ойын: «Гүл егеміз»*** ***Шарты:*** *гүлзарға топырақтың орнына, қарақұмық жармасын салады. Балаларға жасанды гүлдерді таратып, гүлзарға*	*(өсімдік құрап қалады, жапырақтары құрайды, жапырақта су бар); бір өсімдік суарылып, екіншісі суарылмаса не болады (суармаса өсімдік кеуіп, сарғайып, жапырақтары мен сабағы икемділігін жоғалтады т.б.)?* *Біз бір апта ішінде суаруға байланысты өсімдіктердің күйін бақылау нәтижелерін шығару.* ***Қорытындылаймыз*** *Иә, өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды.* ***Тәжірибе алаңы. №2*** ***Кішкентай ғалымдар.*** ***«Гүл қайда жақсы өседі?»*** ***Міндеті:*** *өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу.* ***Құрал-жабдықтар:*** *екі бірдей кесінді, су құйылған ыдыс, топырақ, өсімдік күтіміне арналған заттар.* ***Тәжірибе барысы:*** *Топырақсыз өсімдіктер ұзақ өмір сүре алатынын анықтаңыз? (мүмкін емес); олар қай жерде жақсы өседі - суда немесе топырақта?* ***Қорытынды:*** *топырақтағы өсімдікте бірінші жапырақ тезірек пайда болады, өсімдік*	*тұрады.(саусақтарды қысу)* *Тәрбиеші:* *Жарайсыңдар менің гүлдерім, сендер өте әдемісіңдер. Гүлге жақындайық!* *Мына жерде жапырақтар шашылып жатыр, бұл қай гүлдің жапырағы екен* ***Дидактикалық ойын*** ***«Жапырақ қай өсімдіктен?»*** *- Мына жапырақтар мен өсімдіктерге қарап, әр жапырақ қай өсімдіктен түскенін анықтап көр.* *Тағы жүреміз, жүреміз* ***Дидактикалық ойын*** ***«Су құйғышты ал»*** *- Әрбір өсімдік үшін дұрыс суару ыдысын таңдаңыз.*

			отырғызуды ұсыну. Оған көбелектер мен гүлдерді орнату. *Балаларды мадақтау.*	*жақсы күш алады; суда өсімдік әлсіз болады.* ***Қортынды*** ***Гүл өсірдім бөлмеме*** ***Болат Үсенбаев*** *Үлгі болып өзгеге,* *Гүл өсірдім бөлмеме.* *Сұлулықтың сыйлығын* *Апарамын көрмеге*	 *Тағы жүреміз, жүреміз* ***Дид ойын: «Гүлді әсемде»*** ***Шарты:*** *Гүлді сары түске бояу.*  ***Жарайсыңдар. Енді қайтатын уақыт болды*** *Бір-біріміздің қолымыздан ұстап көзімізді жұмайық та, бір рет секірейік. Тәрбиеші: Міне, балабақшаға келдік. Гүлдер, енді балаларға қайта оралыңдар. Солға, оңға бұрылып, балаларға айналдыр.* ***Қортынды*** *Саяхат ұнады ма? Не ұнады? Балаларды мадақтау.*
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				

Серуен	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Картотека №14*** *Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.*	***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту ***Көктем серуен картотекасынан***				
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.Тазалық процедурасы.* *Қолдарын сабынмен* *жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгі ұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	***№13 1.Ояну*** *Ұйқымызды ашайық* *Қолымызды созайық* *Енді қане бәріміз,* *Жаттығуды жасайық.*	***№ 121. Ояну*** *Күнге қарап күлімдеп* *Көзімізді ашамыз* *Бойды түзе, көтер басты* *Сергіп ұйқы ашамыз*	***№ 31. Ояну*** *Көзіміздізді ашайық* *Бойымызды жазайық* *Қолмен көзді ұқалап* *Созылып бір алайық.*	***№51. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*	***№61. Ояну*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. *«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.* ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) Балалармен жеке жұмыс	***Дид ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр»*** *-Мына үйлер қандай?* *-Үлкен үй неше қабатты?* *- Демек үлкен үйде қандай аң тұрады?* *-Ортаңғы үйдің аңын тауып бер?* *-Кішкентай үйде не тұрады?* ***Дид ойын: «Алға –артқа, оңға –солға»*** *Сюжетті суреттермен жұмыс.* ***Дид ойын: «Сиқырлы түстер»*** *Ойын шарты: балаларға түрлі-түсті квадрат-тармен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді.*	***Дид ойын:«Гүл сыйлаймыз»*** ***Балаларды топқа бөлу*** ***1-топ:*** *Үлкен құмыра құрастыру.* ***2-топ:*** *Гүлдерді бояу.* ***3-топ:*** *Құмыраға гүлдер жапсыру.* ***4-топ:*** *Гүл қоятын стол мүсіндеу.* *Бәрі бірге тақпақ айту* ***Гүл өсірдім бөлмеме*** ***Болат Үсенбаев*** *Көркі болған үйімнің,* *Гүлді көрсем сүйіндім.* *Қызыл, аппақ гүлдерім* *Күнменен мың құбылдың.* ***Дид ойын: «Көлеңкесін тап»*** *Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.* ***«Деньеш блогтары»*** *Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады.*	***Шығармашылық бұрыш*** ***1-топ:*** ***Гүлдерді құрастыру*** *Қатар-қатар тұрамын* ***құрастыруға барамын,*** ***2-топ:*** *Гүлдерді жапсыру* *Адымдап жүрем нық басып,* ***Жапсырайық гүлдерді топтасын*** ***3-топ:*** *Трафарет арқылы гүлдің суретін салу* *Секіріп келем қуана,* ***сурет салам қаншама*** ***4-топ:*** *Үлгі бойынша гүлді мүсіндеу* *Оңға-солға қарайын* ***Ермексазды алайын*** *Мүсін жасап гүлдердің* *Себетіме салайын.* ***Балаларды мадақтау.*** ***Дид ойын: «Артығын тап»*** *Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді.* *Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.*	***Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»*** ***Суретке өз ойын айту.*** *Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады.* *шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі.* *Тым көп су құюға болмайды.* *Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін.* *Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.* ***3-топқа тапсырма*** ***Дид ойын: «Гүлді ретімен құрастыр»*** ***Шарты:*** *Фетр материалдан жасалған гүл құрлысын ретімен кнопка арқылы құрастыру* ***Дид ойын:*** ***«Затты сипаттау»*** *Мақсаты:* *Заттарды көріп сипаттауды өз ойын айтуды біледі*	***Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»*** *Шарты: Берілген суретке сөйлем құрау.* *Суретте гүлге суды не үшін құйып жатыр?* *Неліктен аралар гүлдің жанында жүр?* *Ара гүлден не жинайды?* *Шөптің түсі қандай?* *Қай мезгілде шөптер жасыл болып шығады?* *Су құйғыштың түсі қандай?* ***Дид ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»*** *Мақсаты:* *Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінеі.* *Суреттен топтай аады.*
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.* Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі*				

	олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека №11*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Картотека №14*** *Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.*	***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту ***Таңғы серуенді бекіту.***				
	Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу				

Балалардың үйге қайтуы	*Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.*	*Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.* *Балалардың үйге қайтуы.*	*Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.* *Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.* *Балалардың сұранып үйге қайтуы*	*Ана – аналармен әңгімелесу.* *Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

***Білім беру ұйымы* ЖШС «BAU-Bolashak» б/б «Болашақ»**
Топ: кіші топ «Ақбұлақ»
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.03 – 11.04.25оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау	*Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде ұлттық құндылық, қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру. «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	***Картотека №11*** ***Дид ойын: «Түрлі түсті моншақтарды тізу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету*	***Картотека № 12*** ***Дид ойын: «Ажырат»*** ***Ойынның мақсаты:*** *киімдерді ажырата білуді үйренеді.*	***Картотека №15*** ***Дид ойын: Танып ал да, атын ата*** *Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.*	***Картотека № 16*** ***Дид ойын: «Үй жануарлары»*** ***Мақсаты:*** *Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.*	***Картотека № 17*** ***Дид ойын: «Қоянға көмектес»*** ***Ойын мақсаты:*** *Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.*
	коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	*Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту Балалардың*				

	беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	*Балалар кітапханасы»-жобасы аясында, тілдік мәдениетті дамыту.*				
	Мына аспан астында *Жақсы дос көп табылар* *Мен де соның бірімін,* *Сыйлығымды ал!*	*Ашық менің жүрегім* *Ылғи күліп жүремін.* *Бірге ойнапғ бір жүрер* *Достарым көп,* *білемін!*	*Сиқырлы айнадан* *Өзімді көрермін.* *Бақыттан жайнаған.* *Көзімді көремін.*	*Шақырамын сендерді* *Жолдастарым кел бері* *Толтырайық шаттыққа,* *Дөгеленген шеңберді.*	*Бақыт толы шеңберге,* *Шаттық толы шеңберге,* *Қол ұстасып келдік біз,*
	«Біз кішкентай ғарышкерлерміз» - танымдық-зияткерлікті қалыптастыру бағытында кіріктірілген ұіә.				*Жан достармыз енді біз.*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	***Ой қозғау.*** ***АҚТ жұмыс.*** *Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру.* *-Ғарыш дегеніміз не?* *-Ғарышкер дегеніміз кім?* *-Қандай әуе көліктерін білесіңдер?* *- Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин.* *-Ғарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты?* *-Олар не себептен ғарышқа ұшады?*	***Тақырыбы**: «Ғажайып ғарыш»* ***Дид ойын:«Кім тапқыр»*** ***Жұмбақ жасыру:*** *Аспанда бір алып құс* *Ызғып ұшып барады.* *Қарап тұрсаң,* *ғажайып,* *Соңында із қалады.**(Зымыран)*** *Ұшқыш емес, бірақ ол* *Аспанда қалықтап ұшады* *Оны кім деп ойлайсыңдар?* ***(Ғарышкер)*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс..*** *Ғарышкер дегеніміз олар ғарышқа, аспан*	***Ой қозғау.*** ***Тосын сәт.*** *Аспан әлемінен қонаққа Жұлдыз келеді.* *Жұлдыз балаларды аспан әлеміне саяхатқа апарады.* *- Біз, қазір балалар, аспан әлеміне ұшақпен барамыз.* *Ол үшін ұшағымызды мықты етіп құрастырып алайық.* *Дид ойын: «Ұшақпен саяхат»* *Шарты: Пішіндерден ұшақ құрастыру.* 	***Ой қозғау.*** *Балалар, біздің тобымызда не өзгерді?* *Не пайда болды?* *Балалар: жұлдызды аспан, үлкен жұлдыз және бірнеше кішкентай жұлдыздар бейнеленген плакаттың пайда болғанын айту.* *Қалай ойлайсыңдар, бұл жұлдызды аспан неліктен пайда болды?* *Қандай мерекені тойлаймыз? Осы айда адам ғарышқа алғаш рет ұшты, сондықтан*	*Менің сүйікті бұрышым* *Ғарыш туралы иллюстрациялар қарау.* ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар қараңдаршы мына бір сурет бөлініп қалған. Қане бәріміз құрастырып көрейік не шығады екен.* ***Дид ойын: «Бұл не?»*** ***Шарты: Қиынды суреттерді құрастыру.*** ***Ғарышкер суреті шығады.***

	(Аспан кеңістігін зерттейді) ***Сергіту сәті.*** *Ал балалар тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Оңға қарай бұрылып,* *Солға қарай бұрылып,* *Бір отырып, бір тұрып,* *Бой сергітіп алайық* ***Ой дамыту.*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***Дид ойын: «Ғарыш әлемі»*** ***1-топ*** ***«Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»*** *Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.* *Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.* ***2-топ*** ***Үлестірмелі материалмен жұмыс:*** ***Дид ойын: «Зымыран»***	*әлеміне ұшатын адамдар. Аспан әлемінде де, көптеген ғалам бар. Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз.* *- Ғарышкерлер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарыш кемесі деп атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді.* *Ғарышқа ең бірінші сынақ ретінде итті ұшырған.* *Содан соң Ю.Гагарин ұшты* ***Қазақ ғарышкерлері.*** ***Слайдпен жұмыс.*** *Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан.* *Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев* *Еліміздің мақтаныштары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары.* ***Қазақ ғарышкерлері туралы тақпақтар*** *-Тоқтар – тұңғыш ғарышкер,*	*Кәне, барлығың еркін отырып, көздеріңді жұмып, көз алдарыңа аспанда ұшып жүргендей болып елестетіңдер* ***(үнтаспадан музыка әуені естіледі).*** *Біз ұшаққа отырып, аспанға көтерілдік. Аспанда күн бізге күлімсіреп қарап сәулесін шашып тұр.* *Кенет аспан әлемінде ай көрініп, жымыңдап жұлдыздар да көріне бастады.* *Біз жоғарыға көтерілген сайын суық ауаны сезіне бастадық. Денеміз тоңғандай болды.*	*ғарышкерлер күні тойланады.* ***Тосын сәт.*** ***Ой, балалар, мына жұлдызда бізге жазу жазылған! Мұнда былай делінген:*** *«Балалар, бізге жұлдызды аспанды зымырандар мен ғарышкерлермен безендіруге көмектесіңдер, жұлдызшамен белгіленген тапсырмаларды орындаңдар.* *Құрметпен, жұлдыздар».* ***1- тапсырма*** ***Дид ойын:*** ***«Ғарышкерді тап»*** ***Шарты:*** *Алдымызда 3 сурет тұр. Сендер олардан ғарышкерлерді табу керексіңдер. (ғарышкердің, полицейдің, матростың портреттері ұсынылады)* *Неліктен бұл*	 ***Сұрақ-жауап.*** ***Бұл кім?*** *Ғарышкер дегеніміз – ғарышқа,аспан әлеміне ұшатын адамдар.* ***АҚТ технол жжұмыс.*** *Аспан әлемінде де көптеген ғалам бар.Ал біздер жер ғаламында өмір сүреміз.* *Қандай ғаламда өмір сүреміз?.* *Балалар,сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?* ***Ұшақ, тікұшақ, зымыран.*** *Иә,ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз.Олар ғарышқа ұшып барып,аспан әлемін зерттейді.Біз бүгін*

